



# ЕСЕПТЕУІШ ТЕХНИКА КАБИНЕТІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКА ЕРЕЖЕСІ





**Қауіпсіздік техникасының  
ережелерін төмендегі  
пунктерге бөлуге болады:**

I. Жалпы

II. Дк-де жұмысты бастау  
алдында

III. Жұмыс істеу кезінде

IV. Авариялық жағдайларда

V. Жұмысты аяқтағанда



## I. Жалпы қауіпсіздік талаптары:

- Мұғалімнің рұқсатынсыз құрал-жабдықтарды орнынан қозғауға, сымдарды, розеткаларға, штекерге тиісуге тыйым салынады.
- Мұғалімнің рұқсатынсыз класқа кіруге және кластан шығуға болмайды.
- ДК-де су киіммен және су қолмен жұмыс істеуге болмайды.
- Пернетақтаның үстіне ештеңе қоюға болмайды.
- Компьютер кабинетінде жүгіруге, ойнауға, жолдастарыңның көңілін қажетсіз аударуға, бөгде жұмыстарды істеуге тыйым салынады.



# Тыйым салынады



Сымдарды, жалғаушы ашаларды, розеткаларды, штекерлерді қозғауға; жабдықты мұғалімнің рұқсатынсыз жылжытуға тыйым салынады.



Мұғалімнің рұқсатынсыз компьютерлік сыныпқа кіруге және одан шығуға болмайды.



Мұғалімнің рұқсатынсыз сынып ішінде жүруге болмайды.



ДК-мен қатар үстел үстіне портфель, сөмке, кітап қоюға тыйым салынады. Үстел үстінде тек қалам мен дәптер ғана жатуы тиіс.



Компьютерлік сыныпта жүгіруге, ойнауға, жұмыс істеп отырған оқушылардың көңілін алаңдатуға, басқа жұмыспен айналысуға болмайды.





## II. ДК-де жұмыс істеуді бастау алдында қойлатын қауіпсіздік талаптары:

- ДК электр тоғына қосылмаған жағдайда сымдардың, ДК-дің корпусының бүтіндігін және бұзылмағанын қарап шығып, олардың дұрыс жағдайда екендігіне көз жеткізу керек.
- Жұмыс кезінде оларға тие бермеу үшін, сымдар салбырап тұрмауына көңіл бөлу керек.
- Жұмыс орнын пайдалануды есепке алу журналына белгі қою керек.






### III. ДК-мен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік талаптары:

- ЭЕМ-да жұмыс істеу кезінде көздің экраннан ең қолайлы қашықтығын (60-70см) сақтау керек. Мүмкін қашықтық-50см.
- Келушілер келгенде оқушылар орнынан тұруының қажеті жоқ.
- Көз талғанда немесе шаршағанда орнынан тұрмай көзді дем алдыратын бірнеше жаттығу орындау керек.
- Оқушылар электр тогымен зақымданғанда алғашқы медициналық көмек көрсету әдістерін, өрт сөндіргішпен жұмыс істеу және өрт сөндіру әдістерін білу керек.




# Компьютер алдында

ТУРЫҢА ОТИРҢУ






Дұрыс емес!!!



Дұрыс!!!







## IV. Апат жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары:

- ДК-де жұмыс істеу барысында ақауларын байқағанда, түтін немесе әдеттен тыс дыбыстар пайда болғанда жұмысты тоқтатып, аппаратураны өшіру және оқытушыға хабарлау керек.
- Қажет болса өртті сөндіруге көмектесу керек.
- Қажет болса, электр тогын зақымдағандарға алғашқы көмек көрсете білу керек.
- Компьютер сыныбында өртті сумен өшіруге болмайтынын білу керек. Мұнда құмды немесе көбікті өрт сөндіргішті пайдалануға болады.
- Егер зақымданған адам электр тогының әсерінде болса, оны жалаңаш қолмен ұстауға болмайтынын білу керек. Зақымданушыны электр тогын өткізбейтін материалдарды пайдаланып босатуға болады.





## Ү. ДК-де жұмысты аяқтау қауіпсіздігінің талаптары:

- Аппаратураны оқытушының нұсқауымен өшіру керек.
- Жұмыс орнын ретке келтіру керек.
- Жұмыс орнын пайдалануды есепке алу журналына белгі қою керек.





## Алғашқы медициналық көмек көрсету әдістері.

### I. Электр тогымен зақымданғанда көмек көрсету:

1. Токты ажырату
2. Зақымданған адамды электр тогының әсерінен электр тогын өткізбейтін қол астындағы материалдарды пайдаланып босату.
3. Зақымданған адамды қарап шығып, оған зардабының ауырлығына байланысты көмек көрсету.
4. Дәрігер шақыру.

### II. Күйгенде көмек көрсету:

- Ауруды сездірмейтін және тыныштандыратын дәрілер беру (аналгин, валерьянка)
- Күйген жеріне май жағу (винилин)
- Жарақаттанған жерге микробтар түспеуі үшін алдынала целлофанмен орап, суық судың астына ұстау
- Дәрігер шақыру

### III. Талып қалғанда көмек көрсету:

- Зақымданған адамды басын бұрып жазық жерге шалқасынан жатқызу.
- Дәрігер шақыру

### IV. Демі тоқтағанда көмек көрсету:

- Зақымданған адамды тілінің аузындағы қалпын тексеру керек, егер ары кетіп қалған болса, қолмен орнына келтіру
- Дәрігер шақыру.
- Демі қалпына келгенше немесе дәрігерлер келіп жеткенше қолдан дем алдыру (ауыздан-ауызға) керек.

